




« №8 Т.Бегманова атындағы білім беретін»
жалпы орта мектебі КММ-нің мектеп
директорының міндетін уақытша атқарушы
К.Мустафаеваға психологиялық қызметтің
Жұмысы бойынша 2022 – 2023 оқу жылы
барысында атқарылған жұмыстары туралы

М Ә Л І М Е Т

Психологиялық қызметтің жұмысы

Жалпы орта білім беру деңгейінде – білім алушы мен тәрбиеленушіге өзін-өзі анықтауға және жеке сәйкестілікке, бейінді бағдарлануға көмек көрсету, мақсат қою және дербес шешімдер қабылдау қабілетін дамытуға, орнықты дүниетанымды қалыптастыруға жәрдемдесу болып табылады.

2022 – 2023 оқу жылының тамыз айынан АББ-нен жолданған жоспарына сай жылдық, айлық жоспарлар түзіліп, басшы тарапынан бекітіліп, жұмыстар жүргізілді.

1-5 сыныптардың бейімділігін анықтауға байланысты сауалнамалар мен әдіс-тәсілдер, тренинг-жаттығулар, түзете-дамыту жұмыстары жүргізілді. Бастауыш сынып оқушыларымен танымдық қабілеттерін арттыруға, ұсақ және қол моторикаларын дамытатын жаттығулар жүргізілді. Бастауыш сынып оқушыларының жеке ерекшеліктерін айқындау мақсатында «Люшер» тесті алынды.

« Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» мақсатында «Бестерек» жобасы бойынша мектеп оқушылары мен сынып жетешілеріне, мектеп әкімшілігіне түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, жобаның мақсаты мен маңыздылығын ескеріп, диагностика, зерттеу жұмыстары жоспарға сай жасалды. «Бестерек» жобасы 5-11 сынып оқушылары арасында жүргізілді, нәтижесі облыстың «Бестерек» базасына жүктелінді. Тәуекел тобына ілінген оқушылармен жеке және топтық түзету жұмыстары, тренинг-жаттығулар мен ойындар жүргізілді. Жеке және топтық кеңестер беріліп, журналдарға тіркелді.

Жоғары сынып оқушылармен өзін-өзі бағалау және кәсіптік бағдар бойынша, мемлекеттік сынақтар алдында, психологиялық қолдау, сүйемелдеу жұмыстары жүргізілді.

Мазасыздану деңгейін анықтау барысында «МД» әдісі, «Стресс» тесттері алынып, ҰБТ алдында психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру, қолдау жұмыстары ұдайы жүргізілді.

Жеке кеңес алушы түлектермен жеке сұқбат жүргізілді, кеңестер берілді.

Бейінді бағдар бойынша, мамандықты дұрыс таңдау, мемлекеттік сынақтар алдында өзін-өзі ұстауға, ашу-ызаға бой алдырмауға, өздігінен шешім қабылдауға, мақсат қоя білуге қабілеттерін дамыту барысында Голландтың «Мамандық таңдау»тесті, «Менің таңдаған мамандығым»тақырыбында эссе алынып, қабілетіне сай бағыт-бағдар берілді.

ҰБТ-ге, ББЖМ-ға дайындық барысында жүргізілетін сауалнамалар мен әдіс-тәсілдер, стресске төзімділігін анықтау, мотивация бере отырып, өз ойларын ашық айта алу дағдыларын қалыптастыру жұмыстары жыл бойына жоспарға сай жүргізіліп отырды.

Ақпан-сәуір айларында Діни экстремизм мен терроризімнің алдын алу мақсатында «Дінге көз-қарасым!» тақырыбында сауалнамалар алынды. Қысқаша «Адасқандар» жайлы видеороликтер көрсетілді, мемлекеттік діни ұйымдар мен кері ағымдар жайлы ақпараттар беріліп, жадынамалар таратылды.

Наурыз, мамыр айларында ББЖМ сынақтары алдында қолдау, сүйемелдеу жиі жүргізілді.

Әр айда жеке бастың гигиенасы мен қызбала әдебі, тазалығы, тәрбиесі жайлы қыздар жиналысы медбикелер мен, қыздар кеңесі төрайымымен қоса жүргізілді.

Мектеп директорының м.у.а:  К.Мустафаева

Педагог-психологтар:




К.Байтасова

С.Туякбаева

